



КӨПІРЛЕР ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУДА

Жаңақорғанда әрбір ауылға апарар жолдың жайы жақсарып келеді. Сыр беткей мен тау беткейдегі, Төменарық аймағындағы ауылдарға кіре беріс құрғатамыр жолдар жыл соңына дейін толық жөндеуден өтеді. Тек көше асфальттары ғана жөндеу күтетіні болмаса, қалған жолдар жүйеленуде. Сол секілді кейбір елді мекен кіретін көпірлер де биыл жөндеуден өткізілуде. Соның ішінде М.Нәлібаев ауылы мен Екпіндіге кіреберіс көпір бар. Олардың да жай-қамын білу үшін жауапты мамандармен байланысып көрдік.

Тәли ТЕМІРБЕК

Жалпы көпірдің қажеттілігін, әсіресе, өзен-көлдердің жағасындағы жұрт жақсы біледі. Яғни, көпірсіз өрісші тарылады. Біздегі көпірлердің маңызы ауылдан кіріп-шығатын көліктердің қатынауынан туындаған. Қалай десек те, көпірдің маңызы ауылдағы ағайынға аса маңызды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) хадистерінде «Көпір салу – сауапты істердің ең үлкені» делінген. Міне, бұл біріншіден, жауапты атқаміндерлерге міндет болса, екіншіден, өте сауапты іс.

Алдымен Екпіндіге барар көпірдің ахуалына тоқталайық. Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне бардық.

— «Самара-Шымкент-Екпінді» аудандық мәндегі автомобиль жолындағы көпірді реконструкциялауға 2021 жылы республикалық бюджеттен 45000,0 мың теңге қаралып, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде жұмыстарды орындауға «Ремстрой» ЖШС жеңімпаз деп танылды. Келісім шарт құны 107 348,5 мың теңге. 2021 жылы келісім шартқа сәйкес, айналма жолды салу, ескі көпірді бұзу, темірбетон қазықтарды қағу жұмыстары жүргізілді. 2022 жылы облыстық бюджеттен тиісті 59985,0 мың теңге қаралып, плиталарды орналастыру, арматура тоқып, бетон құю жұмыстары жүргізілді. 2022 жылдың тамыз айында жұмыстарды толық аяқтауға облыстық бюджеттен 6457,1 мың теңге қаралды, — деді жауапты маман Дәулет Оразалыұлы.

— Бұл көпір 70-жылдары қашыртқы қазылған кезде салынған болатын. Алайда осыдан бірнеше жыл бұрын тозығы жетіп, жүруге жарамсыз қүй кешті. Ауыл ақсақалдары бар, біріге отырып мәселені көтеріп келген едік. Міне, биыл шешімін тауып, көпір ел игілігіне берілді. Ауыл тұрғындары көпір қайта жөндегеніне қуанышты. Енді көшелерімізді реттеп алсақ болғаны, — деді ауыл әкімі Қайрат Қожамжаров.

Сол секілді Ақжол ауылына кіре беріс аудандық мәндегі автомобиль жолындағы көпірді реконструкциялауға 2022 жылы облыстық бюджеттен 32 454,0 мың теңге қаралып, сатып алу жұмыстары бірнеше рет жүргізілген. Нәтижесінде «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС-мен келісім шарт жасалынып, осы уақытқа дейін құрылысқа қажетті материалдар жинақталып, темірбетон бағаналарды қағу, айналма жолды жасау, ригель құю жұмыстары жүргізілді. Келісім шарт бойынша 2022 жылға қаралған 31098,1 мың теңге көлеміндегі жұмыстар 2022 жылдың қазан айының 20-сында орындалуына байланысты қосымша қаржы қаралғанша тоқтатылды деді бөлім қызметкерлері.

Жалпы алғанда, ауыл ішіне апарар жолдағы көпір көп ауылда жоқ. Санаулы ғана елді мекендер көпір қызметіне мұқтаж. Былтыр Сыр беткейдегі Жанарық ауылының тұсындағы облыстық маңыздағы жол толық ретке келген. Енді биылдың өзінде екі ауылдың көнерген көпірі көгерге бастады. Бұл да әлеуметтік мәселенің шешілгенін білдіреді. Тек, сапасы сын көтеругі тиіс. Бұл қадағалауды қажет етеді.

1933 жылдың қыркүйегінен шығады / аудандық қоғамдық-саяси газет

№89 (8593) 8 қараша, сейсенбі 2022 жыл



АЛЫП ЖҮРЕК АЛАСАРМАЙДЫ

Шалқия кентіндегі №86 мектепке қазақтан шыққан тұңғыш Тау-кен генералы Ахмет Әділовтің есімі берілгені жөнінде ел-жұрт хабардар. Кешегі сенбіде аталмыш азаматтың туған-туыстары боып, қайраткер тұлғаның дайын ескерткіш-биостін оқу ордасына әкеліп, орналастырды. Салтанатты жиынды аудан әкімі орынбасары Бектас Нуридинов сөз сөйлеп ашты.

Таян УСЕЙІНОВА

Адам өмірі өлшеулі, ал атақ-дәре-жесінің мәңгі болмағы еткен еңбегіне байланысты екенін өзінің еңбек жолымен дәлелдеп өткен даңқты тұлғаның рухына зор құрмет көрсетіп, есімі өшпеуі үшін тасқа көшірілген мүсінін білім ұясына қондырып, ұлағатын ұрпақ жүрегіне қонақтатып отырған азаматтарға аудан халқы атынан рахметін айтты.

Одан соң сөз алған аяулы тұлғаның перзенті Анар Ахметқызы әке туралы еске алғанда ол бағындырған биік шың тек қана оқу-тоқумен, еңбектенумен өткен меңатты өмірдің жемісі екеніне толық көңіл беретінін айта келіп, жас өскінді түерік білім алуға шақырды. «Тауды биік демейіз, талпынған шығар шыңыңа» дегендей, бүгінде маңдай терден гөрі

ақша мен мансап құндылыққа айналған алмағайып кезеңде жас буынға аса қажет тәрбиенің өзегі – өткеннің асыл мұраларын жаңғыртудың маңызына көп назарын аударды. Бүгінгі шара осы ниеттең жемісі деді ол.

Осы күні №86 мектептің ұжымы мен шәкірттері алдында аудан жұрт-шылығының қатысуымен аталмыш биостін ашылу рәсімінен соң Шалқия кенті Мәдениет үйінің ғимаратында тақырып аясында ұйымдастырылған ғылыми практикалық конференция жалғасын тапты.

Конференция жұмысын осы шараға арнайы келген жерлесіміз, саяси ғылымдар докторы, профессор Есенжол Алияров жүргізді.

Ол алдымен жиналғандарды Ахмет Әділовтың өмір жолымен таныстырды. Қазақтан шыққан тұңғыш Тау-кен ге-нералы, ғалым ағаның еңбек жолы ол кісінің өз қолымен жазған өмірдерегін-де былайша өрледі. Жүргізуші осы жолдарды оқып берді.

«1928 жылғы қыркүйектен 1932 жылғы ақпанға дейін Ташкенттегі су шаруашылығы политехникалық те-хникумында оқидым. 1932 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Мәскеудің Тау-кен институтына оқуға түстім. Бұл кезде жиырма жаста болатынымын.

...Магнит тауына келіп практикадан өткенімде темір рудасын ашық әдіспен қазып алу процесін игердім. Осындағы ауылдың ауыр тұрмысынан қашып,

жұмыс іздеп келген қазақтарға орыс тілін, қауіпсіздік ережелерін ағымдағы саясатпен ұштастыра меңгертуге ты-рыстым» деп жазды.

Ахмет Әділов 1939 жылы Мәскеуде-гі Тау-кен институтын бітіріп, еңбек жолын Шығыс Қазақстанда бастаған. 1940 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің түсті металлургия бөлімін басқаруға Алматыға шақыры-лыпты. Соғыс басталғанда ол осы қызметте болған. Тарқатып айтсақ, ол сол жылдары Балқаш мыс қорыту зауытының, Қоңырат және Жезқазған кеніштерінің, Лениногор және Шым-кент қорғасын зауыттарының, сондай-ақ, Риддер, Зыряновск және Ащысай кеніштерінің үздіксіз жұмыс жасауы үшін жауапты болды. Мына жеделхаттарда жазылған «Москва Түсті металлургия халық комиссары Ломакоға! Кузнецк көмірінің тіреу ағаштары жеткізілмеуі салдарынан Ащысай кеніші жұмысын тоқтатуға мәжбүр. Дереве көмек бе-руіңізді өтінеміз».

А.Адилов. 27. 06.42 ж
«Шымкент қорғасын зауытын ши-кізатпен қамтамасыз ету үнемі жүзеге аспай келеді. Зауыт шығаратын дай-ын қорғасынның 80 процентін Ащысай комбинаты жеткізуге тиіс. Ал ол жоспарлы шикізаттың тек 40 про-центін ғана қамтамасыз етуде. Соның нәтижесінде зауыт қорғасын шығару жоспарын орындай алмай келеді» деген және тағы басқа мәтіндегі жеделхаттарды оқи отырып, сол кездері тоғызға да жетпеген жас жігіттің одақтық деңгейде кәсіпорын жұмысын білгірлікпен басқарғанына таңданбасқа шараңыз жоқ.

Қазақстан өнеркәсібінің отандық қорғанысымыздың басты қамалы бол-ғандығын, жауға атылған әрбір он оқтың тоғызы қазақстандық қорға-сыннан құйылғандығы туралы деректі еске түсірсек те жетіп жатыр. КСРО-ның «Құрмет белгісі» орденінің иегері, ғалым Ахмет Әділов туралы естелік айтуға мінберге көтерілген 90 жастағы қарт ғалым, өзі де «Тау-кен генералы» Әбдіхан Бегімбетовтің төмендегі естелігі көпті толқатты.

ОЙЫНШЫҚ САПАСЫМЕН ОЙНАУҒА БОЛМАЙДЫ

Ғылым мен техника дамыған сайын бала ойнайтын ойыншық түрі де көбейді. Қазіргі таңда әрбір ата-ана баласына қуаныш сыйлау үшін аянып қалмасы анық. Өкінішке қарай, көздің жауын алатын ойыншықтың барлығы да көршілес жатқан Қытай елінен жеткізіледі. Алайда, ата-ана осы ойыншықтардың бала ағзасына қаншааықты қатерлі екендігін біле бермейді. Оның бағасына ғана емес, сапасына да мән берген абзал. Біз бүгін осы тақырыпқа саяхат жасап көруді жөн көрдік.

Тәсел ИБРАГИМОВА

Алдымен, аудандағы ахуалға тоқталайық. Аудандық санитарлық – эпидемиологиялық бақылау басқармасының санитарлық – гигиеналық бақылау, қадағалау, техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің басшысы Бейбіт Бидаштан мән-жайды білуге тырыстық.

— Ойыншықтарды тәрбиелік құрал ретінде пайдалану балалардың жас ерешеліктерін қарай негізделеді. Балалар ойыны мен ойыншықтарына олардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бірқатар талаптар қойылады, өйткені ойыншықты қолданған кезде баланың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтіндей болып жасалуы қажет. Бүгінде сауда орындарында балалар ойыншықтарының кең ассортименті ұсынылған, дегенменде әр анаға баласы үшін қауіпсіз ойыншықты таңдау өте қиын. Ойыншықтар қолданған кезде балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтіндей болып әзірленуі және ойыншықтардың жасалған материалдары таза, ластанбаған, инфекцияланбаған және техникалық регламент талаптарына сәйкес болуы тиіс. Мәселен, қолжетімді жиектер, өткір ұштар, қатты бөліктер, серіппелер, бекітпелер, саңылаулар, бұрыштар, шығыңқы жерлер, баулары, ойыншықтардың бекітпелері баланың жарақат алу қаупін болдырмауы тиіс. Үш жасқа дейінгі балаларға арналған ойыншық және ойыншықтың алынбалы бөлшектері, сондай-ақ тамақ өнімдеріне тікелей бекітілген ойыншықтар жоғарғы тыныс жолдарына түсіп кетпейтіндей көлемде болғаны жөн, — деді жауапты маман.

Кеден одағының бірыңғай келендік аумағында айналымға шығарылатын ойыншықтардың еркін қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында Кеденодағы Комиссиясының шешімімен Кеден одағының «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті бекітілген екен. Онда балалар мен адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау, сондай-ақ ойыншықтарды тұтынушыларды олардың мақсаты мен қауіпсіздігіне қатысты жаңылтыратын әрекеттердің алдын алу мақсатында ойыншықтарға қойылатын талаптар белгіленген. Ойыншықтар техникалық регламентке сәйкес болған жағдайда нарыққа айналымға шығарылады. Тұтынушыларға, ойыншықтарды сатып алу кезінде осы өнім сертификатталғанын, осы ойыншыққа техникалық регламенттің қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растайтын құжат барын, сондай-ақ таңбалауды мұқият оқып шығуға сала маманы кеңес береді.

БАЗАР БАҒАСЫНА БАҚЫЛАУ БАР МА?

Адам баласының өмір сүруіне күнделікті тұтынатын қарапайым тұрмыстық тауарлар ауадай қажет. Оның ішінде азық-түліктің маңызы басым екені айтпаса да түсінікті. Ал, сол тауар құны шарықтаса, тұрмыстың құты қашары анық. Өкінішке қарай, бүгінде әлеуметтік маңызы бар өнім бағасының өсуі қалыпты жағдайға айналды. Ай немесе апта сайын емес, күн құрғатпай баға құбылып жатыр. Осы орайда, ұлттық статистика бюросы таратқан мәліметке сүйенсек, азық-түлік нарығында бағаның айтарлықтай өсуі анықталған.

Тәсел РЗАЕВА

Әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасы өткен жылмен салыстырғанда 17,9%-ға өсіпті. Қарапайым халықтың басым бөлігі орташа есеппен алпыс мың теңге жалақыны қанағат тұтып отыр-са, екінші бір бөлігі жұмыссыздықтың қамытын киіп отыр. Осындай алмағайып уақытта азық-түлік бағасының қым-баттауы әлеуметтік ахуалды ауырлата түсері мәлім. Қымбатшылық негізінен халықтың күнделікті тұтынатын тау-арларынан-ақ байқалып тұр. Мысалы, бір бөлке нан 130 теңге. Қазір нанның да тұр-түрі дүкен сөрелерінде самсап тұр. Таба нан 180 теңге, батон 200 теңге, қара

нан 220 теңге осылай тізіліп кете береді. Бір отбасына кемінде 2 бөлке нан қажет. Ал, көп балалы отбасыларға 5-6 бөлкеңіз өзі азық етуі мүмкін. Қазақтың әрбір шаңырағы етсіз отырмайтынын ескерсек, алдағы уақытта ет жемейтін де түріміз бар. Неге десеніз, ет бағасы аспандап шарықтау шегіне жетіп тұр. Мәселен, жылқы етінің келісі 2000 теңгеге шығып кетсе, сиыр еті мен қой еті соның о жак, бұ жағында. Сол сияқты сүт өнімдері де 20-30 пайызға дейін қымбаттаған.

Тауарлар бағасы жалақы, зейнетақы және төменгі күнкөріс деңгейімен қатар өсуде. Статистикаға сүйенсек,

халық табысының 60%-ға жуығын тек азық-түлікке жұмсап отыр. Әсіресе, оңтүстік пен батыс өңірлерде жағдай күрделі, айлық шайлықтан аспайды-мыс. Мәселен, Еуропа халқы 20-25%-ды ғана ішіп-жемге жұмсайды екен.

Сенесіз бе, қыркүйек айы мен қазан айының өзінде айтарлықтай айыр-машылық бар. Азық-түлік тауарларының бағасы қазан айында 1,2%-ға өсті. Жұ-мыртқа бағасы 7,5%, күнбағыс майы 4,6%, күріш, макарон өнімдері әрқайсысы 4,1%, тоқаш және ұн өнімдері 3,8%, жармалар 3,2%, кондитер өнімдері 3,1% жоғарылаған.

107 348
мың теңге

Сөйле,
цифр!

Бұл «Самара-Шымкент-Екпінді» аудандық мәндегі автомобиль жолындағы көпірді реконструкциялауға қаралған келісім шарт қаржысы.

3-сөте

АТ СПОРТЫНАН АЛДАМЫЗ

Жаңақорған ауданының ат спорты бүгінде Сыр өңірінің брендіне айналуда. Құрылғанына 12 жылдан асқан аймақ шабандоздары ат спортының көз келген түрінен үздік үштікте келеді. Аға буынның ізін жалғаған жастар жақында ел чемпионатында сүйіншілеп қайтты. Сыр өңірінің намысын 10 жылдан астам биік ұстап келе жатқан жаңақорғандық жігіттердің жеңісті жолына Сыр жұрты куә. Бірақ, бұл спортшыларға да серпін керек, қолдау маңызды. Осы мәселе және алдағы жоспарды саралау үшін білікті бапкер, облыс құрамасының белді жаттықтырушысы Сламхан Боранбаевты сөзге тарттық.

– Биылғы жыл табысты басталды. Ел чемпионаттарында жеңіс тұғырында жүрдік, жастар ұлттық құрама сапын толықтырды. Көкпардан сол үштік тұғырдан түспесек, аударыспақ пен жамбы атудан алтын тұғыр бұйырып келеді. Тенге ілуде де жаман емеспіз. Бұйырса, саяткерлік спортын да биікке көтеріміз деген жоспар бар. Оның бастауына биыл ел куә болып, чемпионат біздің ауданда өтті. Одан бөлек, биылғы облыстық «Алтын күз» спартакиадасында алтын тұғыр біздің еншімізде. Қалай десек те, біздің бар арамымыз ел чемпионы болу. Барлығы уақыттың еншісінде, нәтижелерге жыл салып жетіп келеміз, – деді аға бапкер.

Иә, жақында Елорда төрінде өткен жамбы атудан жаңақорғандық жас өрен Ақәділ Пернебай кезеңнің 3 стилі бойынша ешкімге дес бермей, мерген екенін дәлелдеді. Түрік стилінен 1-орын, қалған түрінен күмісті олжалап, жалпы кезеңдердің қорытындысында чемпион атанды. Ғалымжан Өміртай мен Наурызқожа Әмзеев баптаран Ақәділ тағы бір мықтылығын дәлелдеп, «Қазанат» ипподромында өткен ел чемпионатында атой салды. «Тектіден текті туады» деген осы болар. Чемпионның әкесі Бекқали Өзенбаев та кезінде аламандарда атой салған азамат еді. Енді перзенті жасындай жарқындай бастады.

Айта кететіні, Ғалымжан 2019 жылы жамбы атудан ел біріншілігінде алғаш рет Сыр еліне алтын сыйлап, жарыстың ең жас спортшысы атанған еді. Бұл жолы оған қола бұйырып, олжалы оралды. Ересектер арасындағы тенге ілуден жаңақорғандық Исрайыл Айдар 3 орын иеленіп, Түркияның Стамбұл қаласында өтіп жатқан V этноспорт мәдени фестиваліне жолдама алды.

– Алдымен алдағы жоспармен бөлісейік. Жұырда Көкшетау қаласында жасөспірімдер арасында ел чемпио-натының жалауы желбірейтін болады. Бұл сында 2005-2007 жылы туылған балуандар тартысады. Ал, күзде көш-пенділер ойыны басталады, оған баруға мүмкіндігіміз бар. Ол үшін та-мызда іріктеуден сүрінбей өтуіміз кер-рек. Жігіттер сақадай сай, бұйырса ол тұғырды да бағындыратын боламыз, – деді С.Боранбаев.

Биылғы жылдың тағы бір жетістігі, 14 жас шабандоз «спорт шебер» атағына қол жеткізді. 12 балуан көкпардан, екеуі аударыспақтан. Міне, осындай оғландар облыстың атын оздырып, бәйгеде барын салып жүр. Тек оларға қолдау болса болғаны, әрине, қаржылық қолдау керекпек, бірақ, бәрінен бұ-рын астарындағы тұлпарларына ті-реу болса. Шыны керек, көз көріп жүр, шабандоздардың жаттығатын алаңы болғанымен, ешқандай жағдай

жасалмаған. Аттар да адам секілді, шаршағанда көлеңке керек, жат-тығудан кейін суытып, қалпына қайта келтіру керек. Мұның барлығы үлкен жұмыс, оны бір күндік жаттығу барысында байқадық.

– Қазір аудан орталығындағы ар-найы алаңның айналасына жасауға тиісті жұмыстарды тізбектеп, жоба-сметасын жасап қойдық. Яғни, алаң-ды қоршау, көрермендер отыратын орындықтар, жылқы өнімі мен құрал-саймандарын сататын дүңгіршіктер және жануарлардың тынығатын орындарын салу жоспарда бар. Мұн-дағы мақсат – ұлттық спорттың дең-гейін көтеріп, ескелең ұрпақты осы жолға тәрбиелеу. Өйткені, атадан келе жатқан, қанымызға сіңген өнер біз дәріптемесек, кім дәріптейді. Әрине, мұның барлығы алдағы уақыттың еншісінде, дегенмен, тездетіп, ат спортына жағдай жасамасақ бұдан да биікке шығамыз деген үміт сөніп қалады-ау, – деді бапкер.

Өте дұрыс, қарап тұрсаңыз, біздің елде спортқа көбірек көңіл бөліне бастады. Қай спорты алсаңыз да арнайы жаттығу залы, қажетті саймандары жетерлік. Әрине, ат спортына да көңіл бөлінеді, бірақ жағдай маз емес. Қазір жылқылардың барлығы Қырқеңсе ауылында, күн-делікті жаттығуға аудан орталығына келіп-кету үлкен мәселе. Келгеннен соң жаттығатын алаңның бүгінгі беделі көңіл көншітпейді. Әрине, бұл аудан шешетін мәселе емес, десе де көңіл бөлінесе нұр үстіне нұр болар еді. Екіншіден, құс ұшырып, тазы жүртүді де қолға алдық, келер жылы ел чемпионаттарында саңлақтар топ жаратын болады. Сондықтан іске бүгін кіріссек, үштіктен үздікке көтерілетініміз ақиқат. Жалпы нә-тижені сараласақ, ұлттық спорттан ұпайымыз түгел.

Әли ТЕМІРБЕК

ИТ ЖАҚСЫСЫ – ТАЗЫ

«Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көтерілген басымдықтар ұлттық таным-түсінікті тереңінен танып, жаһандану заманында ұлттық кодтан негіз алуымызға бағыттайды. Мыңжылдықтар көшінде ата-бабамыз табиғатпен үндесіп өмір сүрсе, осы үйлесімдікті жан-жануарға құрметпен қарағанынан тануға болады. Әсіресе тазыны иттің төресі санап, болмысы бөлек жаратылған тазыны жеті қазынаға жатқызды. Осы құндылықты құптап жүрген қандөздік Нұржан Қабыловты сөзге тарттық.

Ол жастайынан саятшылыққа құмар болып өседі. Бүгінде екі тазысын баптап, күтеді. Оларды досы санайды. Әрі аңға шыққанда қасынан тастамай, аңшылықтың қыр-сырын үйретіп жүреді.

– Мен қарапайым ғана аңшымын. Бір күні теледидарды қарап отырсам, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақала аясында талқылау жүруде екен. Ерекше қызығушылығым артып, мұқият тындап едім, ішінде «Жаңа заманның өткеліне табан тіреп тұрып, бұрынғы тамырымызды тектілікпен бе кемдеуге тиіспіз» деген жері, жастар-ды тектілікке тәрбиелеудің бағытын нұсқайтындай. Соның ішінде тазы бап-тау да қамтылыпты. Ақиқатында, тазы қазақтың жеті қазынасының бірі. Тек, кейінгі кездері көпшілігі тазы баптауды ұмыт қалдырып жатқан секілді. Тазы тұмысынан саятшылық үшін жаратылған. Таза аңшылық үшін асырасаңыз көзін ашқаннан баули бастау қажет. Күшік кезінде астына қасқырдың терісін төсеніш етсеңіз немесе жүрегің берсеңіз өжет болады. Қаймығу деген қанынан жоғала бастайды. Ал ізге түсіп, тез табуы үшін тұмсығына кез келген аңның өтін құйған дұрыс. Төрт айлығынан теріні тартқызып, мойнын сындыра бастаймыз. Кейін қоян, қасқырға түскенде алданбай, жалт бұрылуға дағдыланады, – дейді ол.

Нұржан әлгіндей жаттығуларды ертерек бастау қажет деп санайды. Әсіресе, мойны қатайып кетпей тұрып қолға алу қажет. Сосын сегіз айлығынан бастап ұсақ аңға сала беруге болады. Кейін ауызданып алған құмай өзi-ақ далаға шыққысы кеп тұрады.

– Тазыны аңға салар алдында да дайындайсыз. Жылқы баққандай жілік майын толтырасыз. Егер дұрыс күтім көрмесе, іші таза болмаса жүгірмейді. Ол үшін оған сары май мен жылқының құйрық қылын беріп құстыру қажет. Сол арқылы ішіндегі қыл-қыбырлар түседі. Осыдан соң саятшылықты бастай беруге болады. Егер тазы ұстаған олжасынан жейтін болса, онда оны тұтастай соған беру керек. Неге десеңіз, ол аң адал болмайды деген ырым бар. Өз басым, осы қағиданы берік ұстанамын. Егер аңшылыққа шыққанда, қоян, қасқырды тістелейтін болса мен оны сол бойына тазыма бере саламын. Көбіне, аңға шығатын кезде тазыларымды жақсылап тамақтандырып, барып шығамын, сол кезде ол тиіспейді, – дейді Нұржан.

Иә, кейіпкеріміздің сөзіне қарағанда тазы баптаудың тарихы тым тереңде екен. Тіпті, ол тазыларын жыл мезгіліне қарай бөліп, бөлек-бөлек баптайтынын да тілге тиек етті. Бейімділігіне байланысты жазда басқа, қыста басқа тазысын ертіп шығады.

– Шыны керек, мен өзім тазының бойындағы ерекше қасиетке таң қаламын. Екі тазыға бір ыдысқа ас құямын. Екеуі таласпайды. Ішіндегі мықтысы алдымен ішеді де, одан әлсіздеуі үндемей күтіп жатады. Өзінің кезегі келгенде тұрып ішеді. Негізі, олар қыста болмаса күн жылыда тамақты аса көп қажет етпейді. Яғни, көп иттер секілді тұрмақ аса емес, – дейді тазы асыраушы Нұржан.

Әсел РЗАЕВА



САДАҚ АТУДЫҢ МӘНІ ТЕРЕҢ

Қазақтың ұлттық ойын түрлері мазмұндық жағынан адамды жауынгерлік рухқа тәрбиелейтін маңызды дүние. Әсіресе, садақ ату – қазақтың қанына сіңген өнер. Қалың непірді қақ жарып, дода ортасынан көріп тұрып садақ тартқан, мергендік өнерімен мәлім білекті жігіттерді көргенде жүрегі жарылмайтын қазақ бар ма?

Жақында ғана жаңақорғандық жас шабандоз Ғалымжан Өміртай Жамбы атудан Қазақстан Республикасының V чемпионатында чемпион атанып, бөрімізді аспанға аттық. Бұл бүгінгісі. Әуелі әңгіменің әлкісасын әрден бастасақ. Биыл араға 20 жыл салып садақ атудан қазақстандық спортшылар Олимпиада ойындарына командалық жолдамаға қол жеткізді. Бұл қуанатын жағдай болғанымен, қазақ үшін таңданатын жәйт емес. Тарихқа көз жүгіртсек, садақ қадым заманынан бері көшпелілердің иығынан түспеген, қазақтың дәстүр-салтымен біте қайнасқан қымбат мұра деуге болады. Тас дәуірінен XX ғасырға дейін оқ пен жебені жанына серік етіп, құралайды көзге атқан мергендер болғанына тарих куә. Бірі адырнасын сайлап аңға шықса, екіншілері соғиста жаудың бетін қайтарып, егемендік жолда қан кешкен. Алайда ХХІ ғасырда садақ атудан қазақ оғландары топта оза шаба алмай жүр.

Садақ пен қазақ егіз ұғым. Садақты бабаларымыз ерте кезде аң аулауда, кейін соғыс ісінде қару ретінде қолданған. Тарих беттерін парақтасақ бес қаруын сайлап, қазанат мінген жау–жүрек батырлардың ұлан-ғайыр байтақ даланы ұрпақ үшін қорғап қалған ерлігі біздерге өнеге. Көйлегін қанмен жуған батыр бабалар ат үстінде жүріп садақ атудың мергендік өнерін меңгерген. Сақ пен құндық бірден-бір мұрагері саналатын ата-бабаларымыздың садақ атудағы шеберлігін бүгінгі ұрпақтың тек кітаптан оқып, аңыз-әңгімеге еліртіп жүргені қынжылады. Көшпенді өмір салтын ХХ ғасырға дейін, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп сақтап келген біздің қазақтың садақ жасау технологиясы мен оған қатысты төлтума атаулары мен ұлттық ойындары да әзірге ғылыми-зерттеу нысанына толық айнала алмады. Ердің бес қаруының бірі саналатын садақты қазіргі ұрпақ тек музейден ғана көруде. Қалғанына уақыт төреші...

Әлібек ТЕМІРБЕК



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ

Қазіргі жаһандану жағдайында әрбір этникалық топ өзінің түп тамырына, ұлттық бірегейлігін білдіретін құндылықтар жүйесіне көңіл аударып, оны әрі қарай жетілдіру жолында. Сол себепті де ұлттың ұлт болуы үшін рухани байлықты, құндылықтарды түгендеп отыру қажет. Бұл келешектің кемел болуы үшін керек.



ҚЫРЫ

Рухани байлығымызды жинақтау кезең-кезеңімен жүзеге асуда десек, «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының заңды жалғасы ретіндегі «Ұлы даланың жеті қыры» да өз маңызын жойған жоқ. Бұл – тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады. Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпын-да қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті. Расында, ширек ғасырдан аса азаттығы бар ел әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамып, тұрмысын түзеп келеді. Тіпті, шет мемлекеттермен тығыз байланыс орнатып, терезесі тең дәрежеге жетті. Жаһан жұрты қазақ елін қойнауы қазынаға толы байлығымен емес, Ұлы даласымен бағалап, түрлі өнердің, құндылықтардың түп-төркіні осында екенін білуі тиіс. Дүниенің ғажайыптарын дарынымен ұғынып білген қазақ даналары төртқұл дүниеге танылуы қажет. Қазақ деген ұлы елді әлем жұрты жан-жақты жақсы қырынан білгендері дұрыс.

Стратегиялық сипатқа ие бұл ұғым көп қырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдауға шақырады. Яғни, әлемдік өркениетке қосқан үлесіміз бен жаһандық қолд үрдісіне тигізген анық қолтаңбамызды қайтадан зерделеп, дүние жүзіне жаңаша дәріптеуге үндейді. Шын мәнінде, біздің Ұлы даламыздың ғалам мәдениеті мен өркениетінде өзіндік орны бар. Оған ешкімнің таласы болмауы тиіс.

Жалпы, бүгінгі жаһандану жағдайында ел бірлігін сақтау барысында халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тарихын танып әрі әлі ашылмаған қырларын зерттеу маңызды. Егер ұлт рухани және материалдық дүние танымдарын меңгермесе, ол бірегейлігінен айрылады. Сондықтан бұл ұстаным біртұтас халық болып

қалыптасудың маңызды механизмі саналады.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы мен дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, өлең-жырлары, ұлттық ойындары, музыкалық мұрасы, аспаптары баға жетпес асыл қазынасы. Ал мақалада айтылған атқа міну мәдениеті, Ұлы даладағы ежелгі металлургия, Алтын адам, Түркі әлемінің бесігі, Ұлы Жібек Жолы, Қазақстан – Алма мен Қызғалдақтың отаны секілді Ұлы даланың жеті қыры шар- тарапта қазақ деген дана халықтың ерекшелігін айқындайтын құнды дүниелер. Сол тарихи әрі рухани байлықты сақтап, әрі қарай дамыту міндеті тұр. Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлшылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз. Яғни, кеңістіктегі қазақтың рөлі, ұлт ретіндегі өзіндік жолы бөлек екенін дәлелдеу тұжырымы бар.

Мәселен, атқа міну мәдениеті қазақта қалыптасқанын анық айта аламыз. Өйткені, қазақ тұрпаты жылқы жануарына сай келеді деп жатамыз. Оның үстіне бала жастан атқа мініп өскен халықтың өмірі ат үстінде өткен. Адамға сипаттама бергенде жылқы мінезді дейміз.

Халық нақылында «Ат – ер қанаты» деген бар. Осының бәрі айналып келгенде қазақ халқының ат баптап, жылқының қасиетті жануар екенін ұғынғанын білдіреді. Сол себепті атқа міну мәдениетін қалыптастырған қазақ дегенге ешкімнің таласы болмас. Ұлы даланың қырлары қазақ жұртына тән айшықты дүниелер. Олар осы дархан даланың рухани байлықтары. Оған қастерлеп қарау, Ұлы дала кеңістігінен шыққан өркениеттік жетістіктерді ұмытпау әрі дәріптеу – ұрпақтың үлесінде.

Қорыта айтқанда, рухани жаңғырудың барлық тетіктері түркі жұртының тарихымен сабақтасып, қазақ елінің даналығын, даралығын дәріптейді. Бұл мақсатта түрлі жобалар қолға алынып, жүзеге аспақшы. Осыған бір кісідей ат салысқанда бізді жаһанның түкпір-түкпірінде ел-жұрт білетін, танытын болады. Танығанда тарихымызбен, түп-тамырымызбен білмек. Осы ретте, ары текті түгендеп, тарихты жаңғыртып, келер ұрпаққа аманаттау – бүгінге парыз.

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

АЛАЯҚ ИНТЕРНЕТ ДҮКЕНДІ ҚАЛАЙ АНЫҚТАЙМЫЗ?

Қазіргі қоғамда алаяқтардың қатары көбейді. Әсіресе, интернет арқылы арбау-адау, дүкендерден тапсырыс қабылдау сынды берушілер бірінші ол дүкендердің мекен-жайын, қызметін көріп алуы тиіс. Ол үшін мынандай міндеттемелерді білгеніңіз жөн. Бұл жағдайларды аудандық полиция бөлімі түсіндіріп берді.

Ең алдымен алаяқтардың қолына түспеу үшін тек тексерілген интернет-дүкендерді таңдап, әлеуметтік желілер немесе жарнамалық сайттар арқылы алдын-ала жасалған тапсырыстарды төлему керек.

Егер өнім сізге өте қажет болып тұрса немесе оның бағасы өте тартымды болса, тапсырыс берер алдында интернет-дүкенді алаяқтық жөнінде тексерген жөн.

Ол үшін тіркеу күнін анықтаңыз. Егер сайт жақнда да жазылған болса (бір апта немесе тіпті бір ай бұрын), оны алаяқтардың пайдалану мүмкіндігі өте жоғары екенін естен шығармаңыз. Форумдардағы немесе мамандандырылған кері байланыс сайттарындағы басқа адамдардың кері байланыстарын оқыңыз. Егер мұндай пікірлер болмаса немесе теріс пікірлер көп жазылған болса, сатып алудан бас тартыңыз. Өте жақсы пікірлердің көптігі де сізді алаңдатуы керек. Себебі бұл пікірлер тапсырыспен жазылған болуы мүмкін немесе шындыққа жанаспайды.

Дүкеннің ұсынысын нақты бағаланыз. Брендтік коллекцияны бастапқы құнынан 90 процент жеңілдікпен қою, тәркіленген тауарды сату немесе электрондық техниканың флаамандық модельдерін жарты бағада сату, бұның барлығы алаяқтардың құрған торы болуы әбден мүмкін. Міне, полиция бөлімінің мәліметі осындай қағидаларды сақтай отырып, ақпараттың ақ-қарасын анықтауға болады. Ең бастысы, алаяқтардың құрығына ілініп қалмаудың алғышартын білгендеріңіз абзал.

Жасұлан СЕЙДЕМЕТОВ

«АҚБАЯН» ӘЛЕУМЕТТІҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙДЫ

Еліміз тәуелсіздіктің алғашқы сәттерінен бастап гендерлік саясатқа, әйелдер мен балаларды қолдауға, отбасылық құндылықтарды насихаттауға баса назар аударып келеді. Қазақстан гендерлік теңгерім бойынша 140 елдің арасында 44-орында, ал әйелдердің экономикалық жағдайы бойынша 30-орында тұр екен. Ақиқатында саналы, инабатты, иманды ұрпақ тәрбиелеу және шаңырақтың шаттығын сақтау өзіміз жаратылыс иелеріне жүктелген. Сол себепті де, елімізде арнайы бірлестіктер құрылып, түрлі жұмыстарды атқарып келеді. Біздің ауданымызда да «Ақбаян» әйелдер қоғамдық бірлестігінің барын білеміз. Атаулы бірлестік қандай жұмыстар атқарып жатыр? Осы сұрақтарды «Ақбаян» әйелдер қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Күлән Әбілтановаға қойған едік.

— «Ақбаян» қоғамдық бірлестігі қалай құрылды?

— «Ақ баян» әйелдер қоғамдық бірлестігі 2009 жылы заңды түрде қоғамның барлық саласындағы әйелдердің белсенділігін арттыру және отбасындағы әйел ананың рөлін арттыру мақсатында құрылды. «Ақбаян» бірлестігінің мүшелері ауданның барлық саласында еңбек етіп жүрген тәжірибелі әйел-аналардан құрылған. Қоғамның барлық салаларында әйел-аналардың рөлі мен азаматтық бастама-шылығын, қоғамдық саяси белсенділігін арттыра отырып, олардың әр түрлі жобаларға, байқауларға қатысуға ықпал ету көзделген. Сонымен қатар, әйелдер қоғамдық бірлестігі мемлекеттің демографиялық саясатын насихаттап, отбасы құндылықтарын дамытуға арналған шараларды іске асырады. Бірлестіктің мүшелері әр түрлі мамандық иелері, яғни олар психологтар, педагогтар, экономистер, қоғам қайраткерлері, белсенді жастар.

— Айтыңызшы, қоғамдық бірлестіктің негізгі мақсаты қандай?

— Бірлестік ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін ауданның саяси-қоғамдық өміріне, қыз-келіншектердің белсенді қатысуына және әйел құқығын қорғауға бағытталған республикалық, халықаралық заңдардың орындалуына ықпал ету еді. Сонымен қатар, әйелдер

мен қыз-келіншектерге конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізіп, оқытушы қыз-келіншектер мен студент қыздардың кәсібіне, ғылыми шығармашылық өсуіне мүмкіндіктер жасайды. Оларды әртүрлі жобалар мен байқауларға қатыстыра отырып, бәсекеге қабілетті етуді мақсат етіп келеміз.

— Осы күнге дейін қоғамға қажетті қандай жұмыстар атқарылды?

— «Ақбаян» әйелдер қоғамдық бірлестігі аудандық ішкі саясат бөлімімен бірлесіп үстеміздегі жылы бірнеше жобаны іске асырды. Соның ішінде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына аудандық іріктеу жұмыстарын жүргізіп, үш отбасы анықталып, оның екеуі облысқа жіберілді. Одан бөлек, қыркүйек айының екінші жексенбісінде «Отбасы» күніне орай «Отаным – отбасымың жылы ұясы» атты үлкен іс шара өткізілді әрі осы күні босанған жас аналарға сый-сыпаттар табыс етілді.

Сонымен қатар, қайырымдылық акциясын да ұдайы ұйымдастырып тұрамыз. Билылғы жылы жеті отбасыға көмек көрсетілді. Жалпы, біз бірнеше жылдан бері дәстүрлі түрде дөңгелек стол ұйымдастырып келеміз. Ондағы мақсатымыз, баланы жақсы тәрбиелеу үшін ата-ананың өзінің ресурсы, құзыреттілігі, мақсаты болуы керек екендігін көрсете отырып, пікір

алмасу кезінде ауданға үлгілі үлкен аналарымыздың ақыл-кеңесін тыңдай отырып, әркім өзіне қажетті білім алады. Әрқайсысының алған әсерімен бөлісуге уақыт беріліп, ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға көптеген әдіс тәсілдер алуға жағдай жасалады. Қазақ – қызын, анасын, жарын құрметтеген халық. Біздің шығыстың өзге халықтарына қарағанда ерекшелігіміздің бірі осы қасиетіміз. Қыздар тәрбиесіне қатысты ауқымды кездесулер мен пікірсайыстар жүргізілді.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында қоғамдық ұйымдардың жұмысын жандандыру бағытында нақты тапсырмалар жүктеді. Қазіргі қоғам талабына, заман ағымына, тіршілік тынысына сәйкес үнемі ізденіп, «Ақбаян» қоғамдық бірлестігінің жұмысын жетілдіріп, жаңалықтар енгізіп отыруға жұмыс жасап жатырмыз.

Ең бастысы кез келген ұйым ел дамуының негізіне тірек болуы тиіс. Әйел-ана ретінде үйде бала тәрбиесімен, отбасы мәселелерімен айналыса отырып, азаматының сенімді серігі, сонымен қатар, қоғамның бір қорғаушы күші десек болады. Біздің республикамыздың түкпір-түкпірінде еңбек ететін әйел-аналар секілді, ауданымызда да еңбек ететін әрбір әйел де осындай, өз міндетін, қоғам алдындағы жауапкершіліктерін сезінеді. Құрылғанына он үш жылдың жүзі болған қоғамдық бірлестігіміз осы уақытқа дейін көптеген жұмыстар атқарды. Алдағы уақытта да жалғасын табатынына сенімдіміз әрі жүйелі жұмыс жасай береміз.

— Сұхбатыңызға рақмет!

Әсел РЗАЕВА

ОЙЫНШЫҚ САПАСЫМЕН ОЙНАУҒА БОЛМАЙДЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Таңбалау мынадай ақпаратты қамтуы тиіс: ойыншықтың атауы, ойыншық дайындалған елдің атауы, дайындаушының, импорттаушының атауы мен орналасқан жері, олармен байланысуға арналған ақпарат, дайындаушының тауарлық белгісі, ойыншық немесе баланың жасын білдіретін пиктограмма арналған баланың ең төменгі жасы, негізгі конструкциялық материал (3 жасқа дейінгі балалар үшін), ойыншықты күту тәсілдері, дайындалған күні (айы, жылы), қызмет ету мерзімі немесе жарамдылық мерзімі сақтау шарттары көрсетілуі тиіс, – дейді ол.

Иә, тиісті маманның сөзіне құлақ асып, арнайы сертификатын талап етсек, бала қауіпсіздігін жүйелітіп едік. Ойланып қарасақ, ойыншық баланы жан-жақты тәрбиелеу мақсатына пайдаланылады. Оның дүниетанымын кеңейтуге көмектесіп, қиялын жетілдіріп, еңбекке сүйіспеншілігін, техникаға қызығушылығын, білуге құмарлығын, аңғарымпаздығын қалыптастырады, талғампаздығын тәрбиелеп қана қоймай, өнерге ынталандырады. Ойыншықпен ойнауға белгілі жағдайда педагогикалық, эстетикалық, гигиеналық, техникалық талап қойылады, сондай-ақ ол баланың жас ерекшелігіне қарай өзгеріп отыратыны жасырын емес. Бұл ретте психолог мамандар ойыншықпен ойнау баланың дамуына оң әсерін тигізетінін, оның қоршаған ортамен тығыз

байланыс орнатуына көмектесетінін алға тартады.

Қазір не көп, баланың қалыпты дамуына әсер ететін ойыншықтың түрі көп. Мәселен, дидактикалық ойыншықтар баланың ойлау қабілетін, дұрыс сөйлеу мәнерін дамытуға, оның білімін, шеберлігін және дағдысын қалыптастыруға көмектеседі. Ойнай жүріп бала затты танып біледі, оның түрін, түсін, көлемін ажыратады. Дидактикалық ойыншықтарға бір түсті және түрлі-түсті сақиналардан жасалған конусты күмбездер, бірінші ішіне бірі салынатын әртүрлі тостағандар, бөшектер, шарлар, матрешкалар, әртүрлі серіппелі, бұрандалы ойыншықтар жатады. Сонымен қатар мейнелік ойыншықтардың да тәрбиелік маңызы зор. Оған (кімің-кешек, үй жиһазы, ыдыс-аяқ) адамдар мен жануарларды, табиғат элементтерін бейнелейтін фигуралар жатады. Бұл қуыршақтармен ойнаған балалардың қоршаған орта жайлы түсінігі ықпалданып, ұғымы кеңейе түседі, ой-өрісі мен қиялы дамып, сөздік қоры артады. Балалардың ойын барысында көп күш жұмсамай-ақ еңбек процесіне бейімделуге мүмкіндік беретін техникалық ойыншықтардың да пайдасы зор. Бір сөзбен айтқанда, баланың әрбір ойыншығына аса талғампаздық керек екенін естен шығармайық.

Хабарландыру

«Шалқия Цинк ЛТД» АҚ «Шалқия кен орнына өндірістің қуаты жылына 4 млн. тоннаны құрайтын кен байыту фабрикасын салу. Түзету» жобасына "Ықтимал әсерлер туралы есеп" жобасының материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылғы 21 желтоқсанда сағат 10:00 өтеді. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Шалқия кенті, Мұстафа Шоқай к-сі, 7, Шалқия кенттік мәдениет үйі мекенжайы бойынша. Әсер ететін ауауық – Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Шалқия кенті.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде енгізіледі.

Онлайн тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://zoom.us/j/94798165049?pwd=TG9CZy8xVDVatT5sySDNkZHp4Qmd2U0t9>

Конференция идентификаторы: 947 9816 5049. Рұқсат берілген: 649432

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша келесі телефонға хабарласуға болады: 87026269001.

Бастамашы: «ШалқияЦинк ЛТД»

Объявление

АО «Шалқия Цинк ЛТД» объявляет о проведении общественных слушаний по материалам проекта «Отчет о возможных воздействиях» к проекту «Строительство обогащательной фабрики производительностью 4 млн тонн руды в год на месторождении Шалқия». Реконструкция».

Общественные слушания состоятся 21 декабря 2022 года в 10:00. По адресу Кызылордская область, Жаңақорғанский район, поселок Шалқия, ул. Мұстафа Шоқай, 7, в Доме культуры поселка Шалқия.

Территория воздействия – Кызылордская область, Жаңақорғанский район, Шалқийнский.о., поселокШалқия.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Для участия в слушаниях онлайн необходимо пройти по ссылке: <https://zoom.us/j/94798165049?pwd=TG9CZy8xVDVatT5sySDNkZHp4Qmd2U0t9>

Идентификатор конференции: 947 9816 5049.Код доступа: 649432

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону: 87026269001.

Инициатор: АО «ШалқияЦинк ЛТД, адрес: Кызылордская область, Жаңақорғанский район, поселок Шалқия, ул. Мұстафа Шоқай, 32, тел.:8/72435/79107, info@zinc.kz

Разработчик проекта: ТОО "Институт Карагандинский Промстройпроект", адрес: г. Караганда, ул. Абдырова, 3, тел.:8/7212/412260, info@kpsr.kz

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале: <https://ecportal.kz/>, а также на сайте МИО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылордской области»: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylyorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>

Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам: тел.:87052557937, a.toltaeva@zinc.kz

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>, а также по E-mail: info@zinc.kz

Исесіз иттер қайдан шығады?

2021 жылдың 30 желтоқсандағы №97-VII «Жануарларға жауапкершілікпен қарату туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бийлығы 2022 жылы 2 наурызда күшіне енді. Осы заң алдында бұралқы, иесіз мысықтардың көзін аулап жоюмен арнайы аудандық ветеринария станциясына қаржы бөлініп, ветеринария мамандары тарапынан аулап-жою жұмыстары жүргізілетін.

Алайда, «Жануарларға жауапкершілікпен қарату туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаннан кейін аулап-жою жұмыстары тоқтатылды. Иттен жұғатын аурудың бәрі далатын жасабы-тыны белгілі.

Бұралқы иттерді көбеюіне не себеп? Тұрғындар асырап отырған жануарлары на итіне қарамай, күтім жасамай қарусыз басқа орындарға немес далаға тастап кетулері. Нәтижесінде аш қалған бұралқы иттер топ тобымен үй жануарлары мен үй құстарын, кейде адамдарға да шабуыл жасайды. Заң талабына сай қарусыз иттерге жауапкершілікпен қарап, бірден өлтірмей, иесі анықталғанша ұстап бару көзделген. Сол себепті, аулап жоюға атуға рұқсат жоқ. Сонымен қатар итерді ұстайтын арнайы жер панажай жасакталады. Мемлекеттік тапсырыс бойынша кәсіпкер немесе ветеринариялық

ұйымға жүктелуі мүмкін. Бұл мәселе уақыт еншісінде.

Заң бойынша қаңғыбас иттерді азайту, олардың күшіктейін тоқтату, яғни кастрация жасау жолы бұл мәселенің ақиқат шешімі болуы отыр. Ол үшін оларды өлтірмей, аулап болса емдеп, еркегін кестіріп, аналығының күшіктейін шектеп тастау. Бұралқы иттер осылай бірте-бірте азаяды. Естеріңізге сала кетсек, жаңа заң бойынша бос жүрген жануардың итін иесі жеке тұлға болса – 10 айлық есептік көрсеткіш, лауазымды тұлға болса-20 АЕК, заңды тұлғаға – 30 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуге тиіс. Егер жыл ішінде қайталанса екі есе төлеуге тура келеді. Ал итіңіз адамды қауып, жарақат салған жағдайда бұдан да көп шығындануыңыз әбден мүмкін.

Қазіргі таңда иттердің топтасып күйеке түсу уақытында еліміздің болашағы балалар мектепке бару қайту кезінде қауіп төнуде.

Осыған орай, аудан тұрғындары өз иелігіміздегі ауыл шаруашылығы жануарлары мен ит-мысықтарға иелік жасап, байлауда ұстауларыңызды сұраймыз.

Аудандық ветеринариялық станциясы

Бейненіз ұмытылмас әр жүректе



Біздің ардақты әкеміз Әсербай Асанов 1952 жылы дүниеге келген еді. Әкеміз біздің досқа адал, туған-туыстың ортасында берделді иеленген ажаржын азамат еді. Өмір бойында адал еңбекті пір тұтып, перзенттерін де осындай қадір-қасиетке баулыды.

Тұлғаның өзін көруші ек, әке, ардақты. Көтердің арқыз өмірдің жүгін салмақты. Мәлепел күткіп маңдайдан жел ұшырмай, Өсірген ұл-қыз жолынды әрі жалғапты.

Өкінітін бізді мәңгіге кеткен жаны ізгі, Сағыныш жасы жанардан жасты тамызды. Әкені еске ал, рухына дұға бағыштау. Соңында қалған ұрпақтарының бұл парызы.

Қадірлі әлеуметті осы жылдың 12 қарашасында (11 қараша қонаға) Жаңақорған кенті Амангелді көшесі №90 үйде берілетін әкеміз Әсербай Асановтың қырықжүздік асына шақырамыз. Дастарханымызға келіп, Құранға қол жайыңыздар.

Еске алыңыз қатары, ұл-қыздары, Асановтар зүлейті

Жарамсыз деп табылсын

Абдулвәлис Алиаскар Тұрсыматовичтің атына берілген гост ақті, кадастрлық номері 10-149-002-112 жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде Қызылорда нотариаттық аймағының нотариусы Әліайдар Әбушамха Әсербайұлы, 16.07.2003 жылы ҚР ӘМ берген №0001505 Мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші, 2007 жылы 30 қараша күні қайтыс болған Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентінде тұрған азаматша **Садуба Шолпан Жәханшаевнаның** атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, №134 ғимарат. Тел: 8(72435) 22 5 55, 8 775 418 45 55.

ҚОНАЕВ ТУРНИРІ: ҚОЛА ҚОРЖЫНДА

Ресей елінде еркін күрестен Яригин атындағы құрылықтық турнирге кіл мықтылар бас қосады. Әлемнің бірінші нөмерлі балуандары бағы мен бабын сынап, жүзде үшін жаң беріседі. Осы турнир сәкілді біздің елде де дәрежесі биік күрес бәсекесі жалғасып келеді. Жыл да жалауы желбірейтін Дінмұхамед Қонаевты еске алуға арналған күрес бәсекесі биыл да жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Кіл мықтылар бас қосқан додаға аудан абыройын арқалап барған Азамат Шағапұлы қоламен қуантты.

Таразда еркін күрестен ересектер арасындағы халықаралық турнир Қонаевтың 110 жылдығына арналған. 3 күнге жоспарланған жарыс Жақсылық Үшкөмпіров атындағы спорт сарайында өтті. 8 елден келген 143 палуан, 10 салмақ дәрежесі бойынша кім мықтыны анықтады. Айта кетейік, бұл турнир 2007 жылдан бері тұрақты ұйымдастырылып келеді. Жүлде қоры ауқымды – 33 миллион теңге. Жарыс жеңімпазына 4 000 АҚШ доллары берілсе, ІІ орынға 2 000, 3-орынға 500 АҚШ доллары қарастырылған.

Әрі әр салмақ дәрежесі бойынша жеңімпаз спортшының жаттықтырушысына – 500 АҚШ доллары беріледі. Мамандар халықаралық бұл жарыстың отандық спортшыларға тәжірибелік тұрғыда берері көп дейді. – Бүкіл әлемдік күрес қауымындағы бар. Сол күрес қауымдастығына кіретін ереже бойынша өтеді. Осы жарыс біздің балаларымызға болашақта, келесі жылы өтетін Азия ойындарына және лицензиялық әлем біріншіліктерінде үлкен үлесін қосады, – деді жарыстың бас төрешісі Марат Нұржанов «Айқын» журналистеріне берген сұхбатына. Сонымен көптен күткен күрес бәсекесінде жерлесіміз Азамат Шағапұлы 65 келіде бозкілемге көтерілді. Ол жартылай сынга дейін барлық қарсыласын жеңіп, тек ақтық сынга жолда жолында америкалық Джозеф Мак Кеннаға есе жіберді. Бірақ, қола үшін тартыста кілем иесі кім екенін көрсетті. Азаматқа әлі де Спорт спорты үміт артады. Кемеліне келген балуандар келер жылы ел чемпионатында алтын күтеміз. Жалпы биылғы елдегі еркін күрес шеберлерінің бәсекесі осымен тәмамдалды. Келер жылға үміт көп. Ол уақыттың еншісінде.

Әлі ЖАРЫҚБАЕВ



АТ ТҰЯҒЫН ТАЙ БАСАР

Әбдіғаппар ауылының тұрғындары Кенжебаевтар әулеті туралы сөз қозғағанда осы мәтелдің шынайылығы еске түседі. Неге десеңіз, бұл әулеттің егесі Шерубай Кенжебаев кезінде осы ауылдың іргесін қаласаң, ашаршылық кезінде өзге елдерге ауып кеткен ағайынның басын атамекенге қайта жинап, жаңа шаруашылықтың күнкөрісін тіктеп, соған өзі басшылық жасаған кісі. Бұл кісінің көзін көрген кісілердің аузынан басқарма Шерубайдың өте іскер, кісінің бетіне тура қарамайтын, бірақ елдің өтініш-тілегін көңілімен құп алып, тап-тұйнақтай атқаруға тырысатын ұқыпты адам болғанын талай естіп те жүрміз. Бүгіндері осы кісінің қарашанырақтағы ұлы Серік Шерубайұлының да өке жолымен елге бас болған, өзінің қысқа ғұмырында қараша ел бетке тұтарлықтай азамат болып өткенін дәріптейтін кітап ел қолына тиіп отыр. Кітапта еңбек адамы туралы өзінің замандастары, жолдастарының естеліктері қамтылған. Сондаық, перзенттері де туған әкеге деген өз сағыныштарын бөлісіпті.

ЖАС БАЛУАНДАР ЖАҢАҚОРҒАН ТӨРІНДЕ

Жаңақорған Сыр өңіріндегі еркін күрес мектебі қалыптасқан бірден-бір аудан. Жарты ғасырға жуық тарихы бар күрес мектебінің бүгінгі биігі бір төбе. Соңғы 15 жылда жеткен жетістік аз емес. Бұл, әуелі еңбектің, екінші білікті бапкерлердің жемісі. Осы тұрғыдан алғанда ұлағатты ұстаз, білікті бапкер, спорт жанашыры, бір сөзбен айтқанда нар тұлғалы азамат Қайрат Оралбековтың орны ойсырап тұр.



Қанатының астынан қаншама балапан буынды ұшырды, қазақ елі мақтан ететін балуандар баптады, әлі де спорт саласына берері көп еді. Өскелең ұрпаққа өнеге, үлкенге іні, кішіге қамқор аға бола білген бапкерді еске алуға арналған жасөспірімдер арасындағы турнирдің жалауы Жаңақорғанда тағы желбіреді. Қайрат Пәйізұлының рухына арналған турнирге биыл Алматы, Жамбыл, Түркістан, Маңғыстау,

Қостанай, Қызылорда облысы мен Шымкент, Кентау, Жаңаөзен қаласынан және Түлкібас, Жаңақорған ауданынан 160-қа жуық балуан келді. 2008-2009 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы балуандар бәсекесі тартысқа толы өрбіді. Турнирді аудан әкімінің орынбасары Бекболат Шәріпбеков және республикалық "Спорт жұлдыздары" журналының бас редактор орынбасары Еркін Бақтыяров ашып, жылы лебізі білдірді.

Серік Шерубайұлы 28 наурыз 1953 жылы Жаңақорған ауданы Қыраш елді мекенінде дүниеге келген. Орта мектептен соң кеңес армиясы қатарында қызмет етіп, одан оралған соң шаруашылықта еңбек еткен. Шымкент облысы, Ванновка ауданындағы гидро-мелиорация техникумын су мамандығы бойынша бітіріп шығады. Еңбек жолын Задарья совхозында егіс бригадирі болып бастайды. Осы жұмысты атқара жүріп, Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтын бітіреді. Совхозда қырман меңгерушісі, одан әрі бас агроном болып істейді. Совхоз тараған соң шаруа қоғалығын құрып, соның төрағасы болды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін Әбдіғаппар ауылы аталып кеткен «Қыркөңсе» елді мекенінде қызмет жасады. Қырдың басында орын тепкен Шерубай басқарма отыратын ауылдың кеңесін кезінде жұрт осылай атап кеткен екен.

Кеңестік шаруашылық жүйесі бойынша совхозда жұмыс атқарып, мамандығын жетік меңгеруі арқасында үздік орыннан танылып, социалистік міндеттемелерін асыра орындағаны үшін ауыспалы вымпелді қолдан бермей келген Серік Шерубай ұлының бригадасы ел ырыздығының еселеп артуына көп үлесін қосты.

Елде тұлғалық болмысы бай, сөзі өтімді, кісілік қарым-қабілетімен ерекшеленетін Серік Шерубайұлының жоқ-жұқа-наға көмек қолын созып, ауыл мешітіне жүйелі қамқорлық әрекеттері жөнінде әркім-ақ айтып бере алады.

Кеңестік жүйе құйрып, шаруашылықтар жекешеленген соң нарық талабына икемделуге тура келді. Серік Кенжебаев 2007 жылы «Бұқақорған» жеке шаруашылығын ашып, соның жұмысын басқарды. 2011 жылы ауылдың қоғамдастық кеңесі төрағасы қызметін атқарды. Ол ел ағасы ретінде көп мәселеге бас-көз болып, елге ортақ игіліктердің иесіз қалмауына да қамқорлығын аямаған екен. Жастар арасында өтетін түрлі жарыстардың жалғасын тауып отыруына, елді мекенде дәстүрлі түрде мерекелік шаралардың ұйымдастырылуына да қолдау көрсетіп отырыпты. Жылына екі рет «Мектепке жол» ак-

Жаңақорған тынысы №89 (8593) 8 қараша, сейсенбі 2022 жыл

4



Әйгерім ТҰРСЫНХАНОВА

ЖАҚСЫ СӨЗ – ЖАН АЗЫҒЫ

Заманына қарай адамы демей ме? Соңғы уақыттары оқушылардың мұғалімнің сөзіне бағынбай, сабақ үстінде ойына келгенін істеп, дауыс көтере сөйлеу қалыпты үрдіске айналып бара жатқан сынайлы. Өйткені, әлеуметтік желіден мұғалімнің беделін түсіретін түрлі бейнежазбаларды оңай табуға болады. Тіпті, осындай бейнежазбадан мұғалімнің сабақ түсіндіруіне мұрша бермей, оны тіпті қылғындыруға дейін барған оқушылардың бассыздығын көргенде көңілің құлазыды.

Осы сынды бейдеп көрінестерді күн сайын көру үйреншікті жайтқа айналып бара жатыр. Ата-аналардың басым көпшілігі педагог сөзін елемей, баласының сөзін сөйлейтін болды. Оқушы мұғалімді тындамайды. «Аузы қысық болса да, бай баласы сөйлесін» дегендей, қазіргі кезде ата-ана мен оқушылар тарапынан мектептің ішкі тәртібіне бағынбай, ұстаздың құқығына қайшы келетін әрекеттер күн сайын орын алуа. Әлбетте, сол балаға тәрбие беріп жүрген ата-ана, мұғалім, қоршаған орта бәрі-бәрі әсер етеді. Кейде қоғамдық көлікте жан-жағыңызға мән беріп қараңызшы. Кешкісін жұмыстан жүйкелеп шаршап шыққан жұрт, қабағы қатұлы қария, бұ дүниенің күйбең тіршілігін бір сәт те болса ұмытуға тырысып, терезеден сыртқа көз салған көңіліз келіншек, құлағына тығын тығып әулекі әуенге ден қойған бозбала мен бойжеткен. Айналасына шуақ шашып, мейірлене қарайтын көзқарасты емге таппайсыз. Тіпті, бір кісіге қаттырақ сөйлеп қалыңызшы, сізді сөге жөнелуден тайындамайды. Байғады қариялар жүрген жерінде әдемі әңгімесін айтып, жастарға өнегесін аямайтын. Кейінгі кездері, бір-біріне жылы сөз айтпақ түгілі, сұрақ қойсаң жауап беруге ерінетін, бетіңе бір қарап кете беретіндердің қарасы көбейді.

Қазақ халқы біріне-бірі жақсы сөзді көп айтқан, тіпті әл үстінде жатқан науқастың өзі хал сұрағандарға нашармын демей, тәуірмін дейді. Бұл күндері бір-бірімізге жылы сөз айтудан қалдық. Ал сөздің қадірін білу, сөзге тоқтау, жақсы сөз арнау, жақсы тілек тілеу – қазақтың табиғи болмысы. Бұл – өзгеге ұқсамайтын етіп Алла тағаланың біздің ұлтқа берген сыйы. Біле білгенге, сөзден асқан құдіретті құрал да, сөзден асқан шипа да жоқ. Сөзбен адамды қуантуға да болады, жылатауға да, жанын жаралап ашуландыруға да, тіпті ауруынан айықтыруға да болады. Халық арасында біз білетін кенінен тараған қанатты сөздер бар.

«Жақсы сөз – жан азығы». «Бір жақсы сөз бітірер мың қайғының жарасын». «Сөз сүйектен өтеді» деген. Міне осы нәқылдар соның айғағы болса керекті. Арамызда достарын, жолдастарын сөзбен ызыландыруға құмар адамдар аз емес. Олар жора жолдастарының бойындағы кемшіліктерді бетіне басып, ыза бола қалса рахаттанып күліп маз болады. «Ойнап сөйлескенде, ойнап сөйле», «Жақсы тауып айтады, жаман қауіп айтады». Расымен де, «өлемді мейірімділік құтқарады» деген сөз шындыққа айнала түсті. Мейірім – бұл адамдар арасын жалғап тұратын нәзік сезім. Мейірім – адамдардың бір-біріне деген құрмет мен сыйластығын арттырады. Осынау бес күн жалғанда бір-бірімізге күле қарап, жылы сөз айтып жүргенге не жетсін...

Әлібек ЖАРЫҚБАЕВ